

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 11 ақпан N 190. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

"Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 қазандағы N 3168 U963168_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі мен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету орталық атқарушы органдарды ұстауға республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Ұлттық статистика агенттігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесе отырып үш ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдары екі ай мерзімде осы қаулыға қайшы келетін ведомстволық нормативтік актілерді қайта қарауды және күшін жоюды қамтамасыз етсін.

5. "Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі

мемлекеттік комитеті туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қаңтардағы N 68

P960068_

қаулысының

(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 5, 23-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 11 ақпандағы

N 190 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика

агенттігі туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігі
(Ұлттық статистика агенттігі):

статистика саласындағы мемлекеттік саясатты жасау мен іске асыруды Қазақстан Республикасында статистиканы жетілдіру жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу мен енгізуді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына енбейтін, орталық атқарушы орган болып табылады;

статистикалық есепке алудың әдіснамасы мен әдістемелерінің мәселелерінде дербестікке ие; бөлінген қаржыландыру шегінде өзінің аймақтық және басқа да бөлімшелерінің жүйесін қалыптастырады, оларға және ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға да басшылықты жүзеге асырады.

2. Ұлттық статистика агенттігі орталық аппарат пен өзіне тікелей бағынатын облыстық және Алматы қалалық статистика басқармалары мен ведомстволық бағыныстағы басқа да ұйымдардан тұрады.

3. Ұлттық статистика агенттігі пен оның бағынысындағы органдар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдерін, халықаралық шарттар мен келісімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. Ұлттық статистика агенттігінің міндеттері

4. Ұлттық статистика агенттігінің статистиканы ұйымдастыру мен жетілдіру саласында жалпы мемлекеттік саясатты жүргізу кезіндегі негізгі міндеттері:

республиканың мемлекеттік статистикасына басшылық жасау, оның бүкіл аумағында статистикалық қызметтің мазмұны мен сипатын айқындау;

республикада жүріп жатқан экономикалық және әлеуметтік демографиялық процестер мен олардың даму тенденцияларын жан-жақты зерттеу және қорыту;

Статистикалық жұмыстардың жоспарына сәйкес мемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізу және мемлекеттік органдарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ету;

заңды және жеке тұлғалардың жиынтық статистикалық ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету;

қолданылып жүрген шарттар жөніндегі міндеттемелерге сәйкес статистикалық ақпаратты халықаралық ұйымдарға беріп отыру, сондай-ақ шет елдермен статистикалық ақпарат алмасуды жүргізу;

мемлекеттік статистика органдарына ақпарат беретін заңды және жеке тұлғаларды статистикалық есеп беру бланкілерімен және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтармен қамтамасыз ету;

Мемлекеттік статистика регистрін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің құзырына енетін жалпы классификаторлар мен техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпаратты кодтау жүйесін жүргізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

республиканың және оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпараттық - статистикалық деректер базасын жинақтауды, сақтауды, жүргізуді және мән беруді қамтамасыз ету;

халықаралық ережелер мен стандарттарға сәйкес келетін статистикалық деректердің әдіснамалық салыстырмалылығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жүзеге асыру болып табылады.

III. Ұлттық статистика агенттігінің функциялары

5. Ұлттық статистика агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай функцияларды жүзеге асырады:

статистиканың мәселелері жөніндегі заңдық және өзге де нормативтік құқықтық актілер мен құжаттардың жобаларын әзірлейді және оны дайындауға қатысады;

Қазақстан Республикасында статистиканы жетілдіру жөніндегі бағдарламаларды әзірлейді және жүзеге асырады;

жыл сайын Статистикалық жұмыстар жоспарының жобасын әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен, мемлекеттік және өзге де орталық атқарушы органдарымен келіскеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынады;

республикада халықаралық практикада қабылданған көрсеткіштермен салыстырылған статистикалық көрсеткіштерді әзірлеуге және енгізуге әдіснамалық басшылықты жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктеріне, мемлекеттік және өзге де орталық атқарушы органдардың назарына статистика жөніндегі әдіснамалық ережелерді уақытылы жеткізеді;

мемлекеттік және салалық статистикалық есеп беру көрсеткіштерінің ең аз құрамын мүдделі министрліктер мен ведомстволардың келісуі бойынша а й қ ы н д а й д ы ;

статистикалық есеп беру нысандарын әзірлейді, оларды берудің мерзімдері мен т ә р т і б і н б е л г і л е й д і ;

республикада бүкіл статистикалық есеп беруді бекіту мен жетілдіру жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

статистикалық байқаудың ғылыми әдіснамасы мен прогресті әдістерін, компьютер техникасын, ақпарат беру құралдары мен полиграфиялық жабдықтарды кеңінен қолдануға негізделген қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу негізінде статистикалық ақпараттың объективтілігінің дұрыстығы мен тұтастығын қамтамасыз етеді;

белгіленген тәртіппен статистикалық жинақтарды, бюллетеньдерді, экономикалық шолуларды және басқа да статистикалық материалдарды бастырып шығарады және таратады; басылымдарда жиынтықталған статистикалық ақпаратты қалың жұртшылық үшін жүйелі түрде жариялап о т ы р а д ы ;

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың қызметкерлерімен статистика мәселелері бойынша семинарлар мен кеңестер өткізеді;

қолда бар келісімдерге сәйкес шет мемлекеттердің статистикалық қызметтерімен және халықаралық экономикалық және статистикалық ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады, шет елдердің статистикалық ұйымдарының қызметін ұйымдастыру тәжірибесін зерделейді және оны Қазақстан Республикасы статистикалық органдарының қызметінде іс жүзінде қолдану жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді;

халықаралық шарттар мен келісімдерді әзірлеуге және жүзеге асыруға қ а т ы с а д ы ;

ақпараттық жүйелерді және басқа автоматтандыру мен компьютерлендіру құралдарын жасау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

статистикалық ақпарат жүйесінің дамуы мен жұмыс істеуінің оның республиканың және халықаралық ұйымдардың басқа да ақпарат жүйелерімен өзара іс-қимыл жасауының аса маңызды проблемалары жөніндегі

ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастырады;
есеп және статистика қызметкерлерін даярлауды, қайта даярлауды және олардың кәсіби біліктілігін көтеруді ұйымдастырады.

IV. Ұлттық статистиканың құқықтары

6. Өзіне жүктелген міндеттер мен атқаратын функцияларына сәйкес Ұлттық статистиканың:

заңды ұйымдардан, соның ішінде коммерциялық құпияны құрайтын мемлекеттік статистикалық есептерді қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Статистикалық жұмыстардың жоспарында белгіленген көлемдер мен мерзімдерде алуға;

ел халқының арасында статистикалық байқаулар жүргізуге, азаматтардан олардың экономикалық және әлеуметтік-демографиялық жағдайы туралы, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметі туралы деректер алуға;

Қазақстан Республикасының Үкіметі белгіленген тәртіппен ұйымдардың лауазымды адамдарын мемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізуге, тартуға;

кажетті жағдайда бастапқы және жиынтықты деректердің дұрыстығын тексеруге. Олардың бұрмаланғаны анықталған жағдайда заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге оларды жөндеу туралы орындауға міндетті нұсқаулар беруге, жиынтықты статистикалық деректерге тиісті нақтылаулар енгізуге;

шаруашылық шарттары бойынша бейінділік тақырыптамасы жөнінде статистикалық және өзге де жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ заңды және жеке тұлғаларға статистикалық ақпараттың белгіленген тәртіппен өткізілуін жүзеге асыруға;

мемлекеттік статистика мәселелері жөнінде қаулылар мен нұсқаулықтар шығаруға;

салалық статистикалық байқаулар бағдарламаларын бекіту негізінде статистикалық қызметпен шұғылданатын өзге де орталық атқарушы органдардың статистикалық қызметін үйлестіруге;

республика министрліктерінің, мемлекеттік, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ меншік нысаны мен ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан ұйымдардың мемлекеттік статистика мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарын орындауына бақылауды жүзеге асыруға;

мемлекеттік және салалық статистиканың мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына қайшы келетін нормативтік актілерінің күшін тоқтата тұруға, белгіленген тәртіп бойынша күшін жою жөнінде шаралар қолдануға;

мемлекеттік статистика мәселелері жөніндегі әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді заңдарда белгіленген тәртіппен қарауға;

шет елдермен және халықаралық ұйымдармен статистика саласында ынтымақтастықты жүзеге асыруға, олармен мемлекеттік статистиканы дамытуға бағытталған келісімдер мен шарттар жасауға;

мемлекеттік статистиканы жетілдірудің аса маңызды проблемаларын шешу және олар жөніндегі қызметті үйлестіру үшін мүдделі министрліктердің, мемлекеттік, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, басқа да халықаралықты қоса алғанда, ұйымдардың өкілдерін қатыстырып, ведомствоаралық ғылыми-әдістемелік және ғылыми-сараптау кеңестерін, сондай-ақ жұмыс топтарын құруға;

Ұлттық статагенттіктің жекелеген мәселелер жөніндегі жұмысына шарттық негізде жоғары білікті мамандар мен ғалымдарды тартуға;

Ұлттық статагенттіктің құзырына енетін мәселелер жөнінде кеңестер, семинарлар, конференциялар мен халықаралық симпозиумдар өткізуге;

ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелерін белгіленген тәртіпте шешуге;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес және басқа да құқықтарға құқығы бар.

V. Ұлттық статагенттіктің жұмысын ұйымдастыру

7. Ұлттық статагенттігін Қазақстан Республикасының Үкіметі лауазымға тағайындайтын және босататын Төраға басқарады. Төрағаның орынбасарларын Ұлттық статагенттік Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды.

Ұлттық статагенттіктің Төрағасы - материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету, көліктік, дәрігерлік қызмет көрсету жағдайлары бойынша Қазақстан Республикасының министріне, Төрағаның орынбасарлары - министрдің орынбасарларына тағайындалады.

8. Ұлттық статагенттікте, санын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін алқа құрылады. Алқаның дербес құрамын Ұлттық статагенттіктің Төрағасы бекітеді.

Алқа Ұлттық статагенттіктің мақсатынан, міндетінен және функциясынан туындайтын аса маңызды мәселелерді қарайды. Шешім қабылдау үшін алқаның мәжілісіне алқа мүшелерінің кем дегенде үштен екісі қатысуға тиіс. Алқаның шешімдері ұсыным сипатында болады.

9. Ұлттық статагенттіктің құрылымы мен қызметкерлер санын - Қазақстан Республикасының Үкіметі, ал оның штат кестесін бекітілген құрылымның, саны мен еңбекақы қорының шегінде Ұлттық статагенттіктің Төрағасы бекітеді.

Облыстар, Алматы қаласы бойынша статистика басқармаларының құрылымы мен санын қызметкерлер санының лимиті мен белгіленген еңбекақы қоры шегінде Ұлттық stataгенттіктің Төрағасы бекітеді. Олардың штат кестелерін тиісті аймақтық статистикалық басқармалардың бастықтары бекітеді.

10. Ұлттық stataгенттіктің төрағасы:

Ұлттық stataгенттіктің орталық аппаратының қызметкерлерін; облыстық және Алматы қалалық статистика басқармаларының бастықтары мен олардың орынбасарларын, сондай-ақ ведомстволық бағыныстағы басқа да ұйымдардың басшыларын лауазымға тағайындайды және босатады.

Ведомстволық бағыныстағы балық деңгейдегі органдардың біліктілік сипаттамасының талаптарына жауап беретін басқа қызметкерлерін тиісті органдардың бірінші басшылары лауазымға тағайындайды және босатады.

11. Ұлттық stataгенттіктің төрағасы аймақтық статистикалық басқармалар мен ведомстволық бағыныстағы басқа да ұйымдар туралы ережелерді бекітеді.

12. Ұлттық stataгенттіктің лауазымды адамдары өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, сондай-ақ коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты таратқаны үшін тәртіптік, материалдық және заңдарда белгіленген өзге де жауапкершіліктерге тартылады.

13. Ұлттық stataгенттік пен оның жергілікті жердегі органдары заңды ұйым болып табылады, олардың банк мекемелерінде шоттары (соның ішінде валюталық шоты), белгіленген үлгідегі мөрлері мен бланкілері болады.

Ұлттық stataгенттік пен оның аймақтардағы органдарының қаржылық негізі республикалық бюджеттің қаражатынан, сондай-ақ егер бұл республиканың заңдық актілерінде көзделсе, шарттық талаптарды статистикалық қызмет көрсетуден алынған кірістерден құралады.

VI. Таратылуы және қайта ұйымдастырылуы

14. Ұлттық stataгенттікті тарату және қайта ұйымдастыру заңдарда белгіленген тәртіпте жүргізіледі.